



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№19 (608)
15 мамыр,
2025 жыл

15 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ

ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ ОЙСЫРАМАСЫН

Халық даналығында «Отбасы – шағын мемлекет» дейді. Иә, отбасын құру үлкен жауапкершілік, ал ең биігі – ата-ана болу. 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні осы ұғымдардың мәнін қайта жаңғыртып, әр адамның санасында «Мен отбасым үшін не істеп жүрмін?» деген сауалды оята алса, бұл күннің де, қоғамның да мәні артады. Өйткені отбасы – ұлттың өзегі, тәрбиенің бастауы. Ал ондағы береке мен бірлік, әрине, қоғамның тыныштығын сақтайды.

ҮШ ТАҒАН: ӘКЕ. АНА. МЕКТЕП

Отбасындағы әке, ана, баланың орны ертеде бекіген. Әке шаңырақтың иесі, тірегі, қорғаны болса, ана – шуақ, мейірім мен махаббаттың қайнар көзі. Ал бала «өмір» деген ұғымды алғаш рет отбасының ішінде таниды. Анасының әлдиі, әкесінің бір ауыз сөзі сәбидің кейінгі болмысына әсер етпей қоймайды. Философ Жан-Жак Руссо «Бала туылғанда ақ қағаздай болып таза туады, оның үстіне шимакты қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де сол сияқты, өзін

қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» десе, қазақта «бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген бар. Ес білмесе де көзін ашқаннан бастап көргенінің біршама бөлігі жадында сақталады. Не көрсетсек, не істесек, не айтсақ бала соны лезде қабылдайды. Расымен, бала жаны ақ қағаз тәрізді. Абай Құнанбайұлының жетінші кара сөзіндегі екі баланың біреуі секілді «ішсем, жесем, ұйықтасам екен» дейтін тәттінің құмарына бататын ұрпақтың өсуі де ақ қағазға жазылғанның нәтижесі емес пе?

3-бетте



Сурет ашық әрекеттерден алынды

Медет ЖОРАБЕК,
Қызылорда қалалық
«Qosyl» жастар ресурстық
орталығының директоры:



БІЗ ҮЛКЕН ЦИФРЛАРҒА ЕМЕС, ТҰРАҚТЫЛЫҚ ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ

Медет Жорабек – 10 жылдан аса уақытын жастар саясатына арнаған тәжірибелі маман. Уни-верситет қабырғасында жүргенде-ақ жастардың мәселесін мінберде көтеріп, түйткілді түйінін тарқату үшін білек сыбана кірісетін. Осы саланың қыр-сырына қанық іскер жас өткен жылдың сәуір айында Қызылорда қалалық «Qosyl» жастар ресурстық орталығының директоры қызметіне келді. Қала жастарының көшбасшысымен бүгінгі жастардың жайынан хабар алу үшін ашық әңгіме өрбіттік.

– Медет Ерданаұлы, әңгімемізді өзіңіз қызметке келген уақыттан бастасак. Орталықтың тізгінін қолға алған Медет ең бірінші жастардың қандай мәселелеріне назар аударды? Осы уақыт ішінде орталықтың жұмысына нендей өзгерістер енгізе алдыңыз?

– Иә, орталықтың жұмысына келгеніме 1 жылдан асты. Дей тұрғанмен осы қызметке келгенде «айтарлықтай бір өзгерістер енгіземін» деп айттым дей алмаймын. Өйткені бұл қалалық жастар ресурстық орталығының жұмысы әу баста бір жолға қойылған, бағыты айқын, жүйесі бар. Бұрын қалай жастарға қызмет көрсетті, қандай жобалары жүріп жатыр соның барлығы ретімен жүзеге аса береді. Тек қазіргі уақыт талабына сай қосымша жобаларды жастарға қарай бағыттап, іске асырып жатырмыз. Былтырғы жылмен салыстыратын болсақ, ауқымды әрі өзгеше жоба ретінде мемлекеттік қызметкерлер арасындағы жайдарман ойындарын айтсақ болады. Одан бөлек, жыл сайынғы берілетін Қызылорда қаласы әкімінің «Самғау» жастар сыйлығын осы жылға сай жаңартып, «Жұмысшы мамандықтарды» насихаттау деген арнайы бағыты қосылды. Яғни, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, әлеуметтік жоба ретінде нағыз «Жұмысшы мамандықтарға» берілетін болады. Бұл сыйлық бұрыннан табысталаып келеді, бірақ бұл жолы осы салаға қарай бағыттадық.

2-бетте

ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНДАҒЫ 500 ЖЫЛ




– Оразбек аға, Рзаевтар әулеті – нағыз теміржолшылар династиясы. Әулетіңіздің теміржол саласындағы тарихы жайлы тарқатып айтып берсеңіз.

– Біздің ата қонысымыз – осы Жайылма. Бұл жер – малға жай-лы, жолдың арғы бетінде терең әрі балығы мол Бозкөл жатыр. Әулетіміздің теміржолмен тағдырлас болғаны рас. Атам Әбілөзім 1900-1904 жылдары «Орынбор – Ташкент» теміржолының топырақ төсемін салуға қатысып, алғаш еңбек жолын бастаған. Кейін ұзақ жыл жол жөндеуші болып еңбек етті. Үйленеді. Балалы-шағалы болады. Өзінің алты баласының үшеуі әке жолын қуып теміржолшы атанады. Содан бастап бүгінге дейін төрт буын теміржолда қызмет атқарып келеді. Атамыз Рза Әбілөзімовтің үлкен баласы Бектас теміржолда жұмыс істеп жүріп, Ұлы Отан соғысына аттанады. Соғыстан оралған соң 1969 жылға дейін Жайылма станциясында кезекші болып жұмыс істеді. Әкем Құлтас 45 жыл теміржолда еңбек етіп, зейнетке шықты. Битас ағам Ташкенттегі теміржол институтын бітіріп, жол бригадирінен бастап, Қандыағаш жол дистанциясының бастығына дейін көтерілді. 1981 жылы қайта оралып, Шалқия теміржол кешенін салуға қатысты.

Теміржол – ел экономикасының күретаыры. Күні-түні тынымсыз еңбек етіп жүрген сала мамандарының арқасында ел ішіндегі жолаушы қозғалысы мен жүк тасымалы үздіксіз қозғалыста. Ал осы салаға өмірін арнап, бірнеше буын бойы тынымсыз еңбек етіп келе жатқан әулеттердің бірі – жаңақорғандық Рзаевтар әулеті. Бұл әулеттің теміржол саласына сіңірген жалпы еңбек өтілі – 500 жылдан асып жығылады. Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаған болатын. Бұл – ерен еңбектің символына айналған жұмысшы мамандардың ел дамуына қосқан үлесі үшін алғыс һәм құрмет. Шойын жолды ел тірегі деп есептесек, Рзаевтар әулеті – сол тіректің тұғырын берік етіп отырған нағыз еңбек адамдары. Адал қызмет пен ұрпақ сабақтастығының үлгісін осы әулеттен аңғаруға болады.

Теміржолдың бойында өмірі мен қызметі қатар өрілген, темірдей тәртіпке бағынып, адал еңбегімен абырой биігінен көрінген ардагер теміржолшы – Оразбек Рзаевпен сұхбат құрудың сәті түсті.



4

СЫР ҚАЛАМҒЕРЛЕРІ ЖЕҢІС ТҮЫН ЖЕЛЫРЕТТІ

Өткен аптада Алматы қаласында «Хабар» агенттігінің 30 жылдық мерейтойы аясында есімі мұқым қазаққа белгілі танымал комментатор Амангелді Сейітхановты еске алуға арналған дәстүрлі шағын футболдан турнир өтті.

Турнир 11 мамыр – Амангелді Сейітхановтың туған күні қарсаңында ұйымдастырылды. Биыл танымал спорт комментаторы 56 жасқа толар еді. Бұл турнир – қазақ спорт журналистикасы мен футбол мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан арда азаматқа деген шынайы құрметтің белгісі.

Амангелді Сейітханов – қазақ спорт комментаторлығының символына айналған тұлға. Оның эмоцияға толы әрі салмақты репортаждары талай ірі спорт оқиғаларымен қатар өріліп, тұтас бір буынды шабыттандырды. Ол өзінің кәсіби біліктілігімен спорт журналистикасында өшпес із қалдырды.

7-бетте



МЕЙІРБІКЕ –
МЕЙІРІМГЕ
ТОЛЫ
МАМАНДЫҚ

5



36 СЕКУНДТА
ОРЫНДАЛҒАН
ТРЮК

8

Басы 1-бетте

Медет ЖОРАБЕК, Қызылорда қалалық «Qosyl» жастар ресурстық орталығының директоры:

БІЗ ҮЛКЕН ЦИФРЛАРҒА ЕМЕС, ТҰРАҚТЫЛЫҚ ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ



Сонымен қатар қазіргі күні ең көп басымдық қойып жасап жатқан жұмысымыз – мемлекеттік, атаулы да-таларды, маңызды күндегі мерекелерді жастарға кеңінен насихаттау.

– **Қазіргі таңда қала жастарының басын біріктіретін қандай ауқымды шаралар жүзеге асуда? Жалпы, жас-тар орталыққа мәселесін айтып келе ме?**

– Біз үлкен цифрларға жұмыс істемейміз. Мәселен, бір шараға 100 адам қатысты дегеннен гөрі бізге барлық жасалып жатқан қызметтердегі тұрақтылық маңызды. Ал орталыққа қызмет алуға келген жастарға QR сканер қойылған. Яғни, олар электрон-ды нұсқада өздерінің қандай қызмет алғысы келетінін немесе қандай маманға келгенін көрсете алады. Мұнан соң біз олардың ай, тоқсан сайынғы санын қарап, ең өзекті болғандарына басымдық беріп, сол бағытта жұмыс істейміз. Жалпы алатын болсақ, жыл басынан бері 2480 жасқа қызмет көрсеттік десек, 100 адамды тұрақты түрде әлеуметтендіріп отырмыз.

Жылдың басында оқу орындарында, жатаханаларда жастармен тұрақты кезде-су өткіземіз. Ауылдан келген жастардың бұрыс бағытқа қарай бұрылып кетпеуі үшін түсіндірме жасаймыз. Ал орталық таңғы сағат 09:00-ден 21:00-ге дейін тұрақты жұмыс істейді. Демек жастар осы уақыт аралығында келіп, өздерін мазалаған сұрақтарға жауап ала ала-ды. Одан бөлек арнайы жастар үшін қойылған ойын алаңдарында уақытын тиімді өткізсе де болады.

Ал бағанағы айтып отырған кез-десулерден соң белсенді жастар ұсыныстарын айтып, «шаралар ұйымдастырғым келеді» деп келіп жатады. Бұл бізді қуантады. Яғни, жұмысымыздың нәтижесін бергені десек болатын шығар.

– **Орталықтың көрсететін қызмет-терінен бөлек қала жастарына «Мүз айдының», теннис орталығы, «Евразия» спорт кешенінде тегін жеңілдіктер қарастырылған ба?**

– Тегін емес, бірақ бірлескен шаралардың негізінде арнайы карталар-ды алып беруге мүмкіндік бар. Бұған дейін орталықтан тұрақты қызмет алушыларға арнайы карта дайындап, жеңілдіктер жасау туралы ойлар болды. Сәтін салса алдағы уақытта жүзеге асы-ратын боламыз.

Жалпы, жастар бірнеше топқа бөлінеді. Топ деп отырғанымыз, ұйымдасқан, ұйымдаспаған, жұмыссыз, пробация есебіндегі, ашуыл жастары де-ген секілді... Соның ішінде көпшілігіне керегі – уақытты құр өткізбеу. Өйткені қазір әлеуметтік желіге байланған жас-тар уақытты өлтіреді. Жастар уақытын бос өткізбеу үшін біз тиісті жұмыстарды жасаймыз. Был біз іске қосқан жобалардың бірі – «Qosyl» ақпарат. Жоба қаладағы жастарға ақысыз негізде қызмет көрсететін орталықтардың жұмысын бейнероликтер арқылы таны-стырады. Осы негізде әлеуметтік желіге 3 бейнеролик жүктеттік, бұл жұмыс жалғасын таба береді.

– **Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде нендей шаралар жүзеге асуда?**

– Бізден бөлек бірнеше мекеме,

ұйымдар осы мәселемен айналысып жатыр. Бірінші кезекті – көмелетке толмаған жасөспірімдерге тәрбие беретін ата-ана. Одан соң қосымша білім беру орталықтары, оқу орындары, құқық қорғау органдары және біз. Қазіргі күні тұрақты түрде рейд жұмыстарын ұйымдастырып келеміз. Бұл шаралар жасөспірімдердің арасындағы қылмысты болдырмаудың алдын алу үшін жалғаса береді.

– **Қала жастарын шет елдерге саяхаттатуға, өзге елдің мәдениетімен, жастар қозғалысымен танысуға мүмкіндігі бар ма? Ол үшін арнайы бір жолдары қарастырылған ба?**

– Бұл тәжірибеде бар. 2023 жылы «Компос» атты әлеуметтік жоба ұйымдастырылды. Жоба негізінде қызылордалық 15 жас Өзбекстан еліне барып, IT саласындағы жұмыстармен, жетістіктерімен танысып, тәжірибе ал-масты. Одан соң алған тәжірибелерімен өңірге келіп, IT саласын дамытуда сол жастар әлі еңбек етіп келеді. Одан бөлек былтыр Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұйымдастыруымен жас-тармен жұмыс жасайтын ұйымдармен Түркия мемлекетінде тәжірибе алма-су ұйымдастырылды. Яғни, олар біздің елге, біздің жастар сол елге барып та-нысады. Бұлардың барлығы біздің іс-тәжірибемізде бар, алдағы уақытта жалғасын табатын болады.

– **Орталықтағы команданың жұ-мысына тоқталайықшы. Қыз-жі-гіттердің жұмыс жасау жүйесі қандай? Бекітілген жоспарға сай ма? Әлде өздері мәселені көтеру арқылы сол мәселенің шешімін таба ма?**

– Бүгінде орталықта жастармен жұмыс істейтін 8 маман бар. Олардың барлығына тиісті бір бағыт бойын-ша жауапкершілік жүктелген. 2 ма-ман шығармашылық бағыт бойынша, 1 маман спорттық шараларға, 1 маман хаттар бойынша және 1 маман жастар арасындағы лудомания, ерте жүктілік, суицид секілді аналитикалық жұмыстарға жауап береді. Сол секілді 1 маман ішкі сыртқы тазалыққа, келуші жастармен байланыс орнатуға бекітілген. Міне, осылай барлығы өздеріне берілген бағыт бойынша жұмыс істейді. Ал үлкен ша-раларда ұжым ретінде бірлескен түрде күш саламыз. Одан бөлек, күнделікті ұсыныстарын жеткізіп, тиісті бір ша-раларды ұйымдастыру қажет екенін жеткізіп отырады.

– **Жоғарыда пробация есебіндегі жастармен жұмыс жасалады деп қалдыңыз. Сондай жастармен ашық кездесу бола ма? Олардың мәселелеріне құлақ түріп, шешіп бер-ген кездеріңіз болды ма?**

– Қазіргі таңда бізде арнайы жол кар-тасы бар. Мақсаты – пробация есебіндегі жастармен жұмыстарды үйлестіру, идеологиялық жұмыстарды жүргізу. Қазір қай жастағы жастарға барсаңыз да бірінші сұрайтыны – жұмыс. Сол үшін біз жыл басынан бері «Мансап» орталығымен бірлесіп, бос жұмыс орындар жәрмеңкесін ұйымдастырдық. Жәрмеңке аясында барлық проба-ция есебіндегі жастарды тарттық, барлығымен таныстырдық. Қанша екенін нақты белгісіз, бірақ қоғамда ол жастарға арналған жұмыстың бар екенін, еңбек етуге болатынын көрсеттік, түсіндірдік.

Одан бөлек алдағы уақытта сол жастарды қоғамдық ортаға бейімдеу мақсатында өздерінің қатысуымен спорттық-мәдени шараларды ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз.

– **Өзіңізді жастар саясатынан бөлек басқа салада сынап көргіңіз келмей ме?**

– Бұған дейін кәсіпке бет бұрдым. Әлеуметтік жобалармен де айналыстым. Шынын айтсақ, алдағы уақытта бір салаға ауысу жоспарымда бар. Сондай-ақ кәсіпке қайта ден қойғым келеді. Бәрі уақыттың еншісінде. Бастысы, алма піс, ауызға түс дегендердің қатарынан болғым келмейді.

– **Көпшілік қала жастарының көш-басшысына орталықтың директоры ретінде қарайды. Жалпы, Медеттің біз білмейтін қандай қырлары бар?**

– Қаншама жылдан бері осы салаға ден қойып жұмыс жасап келемін. Өзімнің жұмысым өзіме ұнайды. Бірақ адам болған соң ара-тұра демалғанды қалап тұрамыз. Сондай сәтте далалыққа шығып, балық аулағанды жақсы көремін. Одан бөлек қолым қалт етсе үй тіршілігіне көңіл бөлген ұнайды. Сосын жыл-айда бір атқа мініп, футбол тамаша-лап тұратыным бар.

– **Әлеуметтік желіде белсендісіз. Жуырда көпшіліктен сүйінші сұрап, болашақ жарыңызға сөз салған суретіңізді жүктедіңіз. Ал 15 мамыр – «Халықаралық отбасы күні». Осы ретте айтыңызшы, отбасының тірегі болған азамат нендей мәселелерге көңіл бөлу қажет? Шаңырақ көтеретін Медет қандай қағидаларды ұстанады?**

– Айналамдағылар «30-ға келдің, той қашан?» деп көп сұрайтын. Жұмыс-жұмыс деп жүріп кейінге ысыра бер-ген екенбіз. Алла қаласа тамыз айында шаңырақ көтеру жоспарлап отырмын.

Ал отбасындағы мәселеге келетін болсақ, қазір ажырасу мәселесі өршіп тұр. Тіпті көш басындағы елдердің қатарында тұрмыз. Ешкім ажырасайын деп шаңырақ көтермейді. Бұл мен үшін де жат түсінік. Қазіргі отбасындағы басты мәселе – бір-бірін түсінбеу. Яғни, ашық сөйлеспеу, мәселені бірге талқыламау. Соның салдарынан арты кикілжіңге алып келеді. Іште жиналған бұрыс түсініктердің соңы үлкен ушығуларға соқтырады. Сосын сыртқа күш ешқашан отбасындағы мәселеге әсер етпеу керек деп есептеймін. Сондықтан ең бірінші – отбасына көңіл бөле отырып, ашық диа-лог құру маңызды.

Менің анам жұмысымды жақсы біледі. Болашақ қалыңдығым да барлығынан хабардар. Сондықтан барлығын қатар ұстап отыру қиын соға қоймайды деп ойлаймын.

– **Отызында орда бұзбаған, қырығында қамал алмайды. 30 жасыңызда бір орталықтың дирек-торы болып отырсыз. 10 жылға алға көз тастайықшы, 40 жастағы Медетті қалай елестетесіз?**

– 40 жастағы Медет – отбасылы. Жақсы жар, үлгі тұтарлық әке. Манса-бым жағынан, мемлекеттік қызметте не-месе жеке кәсіпкер ретінде көруге бола-ды.

– **Ашық әңгіменіз үшін рақмет!**

Өңгімелескен
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі жаңа редакцияда бекітілді.

ӘДЕП КОДЕКСІ – ӘДЕПТІЛІК НЕГІЗІ



Әдеп кодексі мемлекеттік қызметкерлердің менталитетін жаңаша қалыптастыруға зор үлес қосары сөзсіз. Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметтің қоғам өміріндегі рөлі, мемлекеттік қызмет-шілердің ұстанымдары мен қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына де-ген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылу қажеттігі айшықталған. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрыс ережелері қызметтік әдеп стандартта-рында көрініс тапқан.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемле-кет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары та-лаптар қояды.

Қазақстан Республика-сының мемлекеттік қызметі қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Ол қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді, қоғамдық мүдделерді ең үздік және тиімді тәсілмен қанағаттандыруды білдіреді.

Мемлекеттік қызметкердің моральдық-әдептілік бей-несіне өзіне тән талап-тар қояды. Мемлекеттік қызметкер өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Респу-бликасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді. Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарайды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің

осы әдеп кодексі (бұдан әрі – Кодекс) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді және қоғамның мемлекеттік органдарға де-ген сенімін нығайтуға, мем-лекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және пара-саттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдай-ларының алдын алуға бағытталған. Бұл ережеде Кодекстің мақсаттары мен мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын белгілеудің мәні қамтылған.

Кодекс мемлекеттік қыз-меттің қоғамдық мүдделерді қанағаттандыру сияқты жалпыға бірдей танылған бағдарларын белгілейді. Мемлекеттік қызметшілер қоғам мен мемлекет тарапы-нан ерекше сенім Қазақстан Республикасының Конститу-циясын, қолданыстағы заң-наманы және этикалық норма-ларды өз мүдделерінен жоғары мүлтіксіз сақтау міндетмесін білдіретінін түсінуі тиіс.

Қызметтік әдеп стандарт-тарын сақтау мемлекеттік қызметшінің күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл, шын мәнінде, оның өмір сал-ты, ол жоғары моральдық принциптерге сәйкес келуге бағытталуы керек.

Жанерке ЖАҚСЫЛЫҚ,
ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша басшы орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл

«ЖАСӨСПІРІМ» ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТТІ

Аймақта 10 сәуір мен 6 мамыр аралығында өткен «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы қорытындыланды. Негізгі мақсаты - көмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ заңды өкілдерінің қарауынсыз жүрген жасөспірімдерді анықтау. Шараның қорытындысын облыстық полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Рауан Әлдешов хабарлады.

– Облыс көлемінде өткен «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасының қорытындысы бойынша көмелетке толмағандарға қатысты барлығы 1231 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, хаттама- рәсімделді. Жасөспірімдерге қатысты анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтарға тоқталсам, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабы бойынша, яғни ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамағаны үшін барлығы 117 ата-анаға әкімшілік хаттама толтырылды. Көмелет жасқа толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және бағып-қуту жөніндегі өздерінің міндеттерін орындамайтын, олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін көмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдері профилактикалық есепке алынды. Барлығы 33 ата-ана тіркелді. Көмелет жасқа толмағандар мен оларға қарсы жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар өз жалғасын табуда, – деді Рауан Қырымұлы.

«АЖ» ақпарат



ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ ОЙСЫРАМАСЫН

әке ретінде рөлін дұрыс атқаруына үйдегі ер азаматтың ықпалы зор. Әкеден балаға жауапкершілік, еңбекқорлық, құрмет пен қамқорлық сияқты маңызды қасиеттер дариды. Себебі бала ең алдымен көргенін қайталайды. Егер отбасындағы ер адам махаббат танытып, адал еңбек етуді, үлкендерге құрмет көрсетіп, өз міндетін толық атқаруды үлгі етсе, бала да соған бейімделеді. Ең маңызды тұстардың бірі – әке мен баланың арасындағы еркін әрі сенімді қарым-қатынас. Өз ойын ашық айтуға, сезімін білдіруге мүмкіндік болу керек. Өкінішке қарай, көп отбасыда мұндай байланыс жеткіліксіз.

Дәстүрлі қазақ қоғамында ер адам шаңырақ иесі, ал әйел – алтын қазық. Қазіргі таңда отбасын құратын жастар өзара тең болуға, басқару тізгінін бөлісуге тырысады. Мұндай көріністерді байқағанда, жазушы Зейнеп Ахметованың мына сөзі ойға оралады:

«Ер мен әйел теңелген кезде дүниенің шырқы бұзылады. Құдайдың өзі екеуін екі әлем қылып жаратқан. Екеуі бірігіп бір бүтін болып ұрпақ өрбітеді. Екеуіміз теңбіз, бір баланы сен ту, бір баланы мен туайын демейді ғой. Ер азамат пен әйелді тең болады деу – ақымақтық». Қазақ бабам «екі жарты – бір бүтін» деп бекер айтпаған».

Имам Икрам Бақытжан да осы ойды қуаттап, былай дейді:

– Әйел мен еркек теңдігі мәселесін қанша шулатқанмен, шындап келгенде, жаратылыс тұрғысынан әйел мен еркек тең емес. Әрқайсысы өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Егер бір-бірінен ешбір айырмашылығы жоқ өзара тең жаратылыс болғанда, Алла Тағала еркек-әйел

етіп бөліп жатпай, бәрін біркелкі әйел немесе еркек етіп жаратар еді. Еркек пен әйел табиғатындағы өздеріне тән ерекшеліктерімен екеуі бір-бірін толықтыра түседі. Қазақ «екі жарты бір бүтін» деген. Сол себептен, әйел еркектен жоғары немесе төмен деу, жалпы алғанда, дұрыс айтылған сөз емес. Әрқайсысының қоғамда өзіндік орны бар. Әрбірі соны дұрыс атқарған кезде ғана мінсіз қоғам пайда болады.

Құранда «еркектер әйелдерге пана, қамқоршы, жауапкер, қорған, басқарушы» делінген. Ендеше, осы жауапкершілікті арқалаған еркек отбасының тізгінін өз қолына алып, парасаттылықпен, үлкен жауапкершілікпен басқаруы тиіс. Еркек отағасы екенмін деп дәріксіздікке, «мен айттым болдыға» салынбай, бар мәселені өзара түсіністікпен, үнемі ақылдасумен шешкені жөн. Әйелдер де еріне бағынуы тиіс, – дейді.

Демек, ер адам отбасының тізгінін жауапкершілікпен ұстап, парасаттылықпен басқаруға тиіс. Ал әйел – күйеуіне серік, отбасының шуағы бола білуі керек. «Ақмешіт жастары» газетінің өткен жылы №598 санында «Ананың жайы не болмақ?» тақырыбында мақала жариялады. Дәл сол материалда ана болу бақытымен қатар келетін мәселелерді жаздық. Яғни, отбасы тақырыбы, ондағы проблемалар күн тәртібінен түспек емес.

Отбасы – шаршағанында дем алатын, сүрінгеніңде сүйсеу болатын мекен. Осы дінге мықты болса, ел де еңселі, ұрпақ та ұлағатты болмақ.

Әлия ТӘЖІБАЙ



Ақ ЖАУЛАЫҚ ИЕЛЕРІНЕ АЛҒЫС

Аналар күніне орай қалалық музейде кездесу өтті. Кештің басты кейіпкері – ардақты аналар. Солардың бірі – 14 құрсақ көтеріп, ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған батыр ана Сара Нұрабайқызы

жуырда ғана Мемлекет басшысының жарлығы бойынша Жеңістің 80 жылдығы медалімен марапатталды.

Кездесуде батыр ана соғыс жылдарындағы қиындықтарды еске алып, қазіргі ұрпақ тек бейбіт өмір сүрсе екен деген тілегін жеткізді. Есімі елге белгілі, үш дүркін «Алтын

домбыра» иегері, айтыскер ақын Мұхтар Ниязовтың анасы Жұмагүл Оңғарбаева, ел мерейін асқақтатып жүрген белді балуан, 2022 жылғы «Қазақстан барысы», «Сыр барысы», «Алтын белбеу» иегері Максат Исағабайұлының анасы Роза Қуаңбаева ел мерейі үстем бола берсін деп тілек білдірді.

Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда облысындағы өкілі, ақын, Қазақстанның Құрметті жазушысы атағының иегері Қаршыға Есімсейітова сұрапыл соғыста қаза болған майдангерлердің жесір әйелдері мен аналардың ерліктерін сөз етті. Еңбек ардагері, көпбалалы батыр ана, Социалистік Еңбек ері Сәлима Жұмабекованың келіні Айжан Қалманова Сәлима анасының 11 баланы өзі өсіріп, тәрбиелегенін, егін егіп, ерен еңбек еткенін сөз етті. Осындай батыр ананың келіні болғанын мақтанатынын жеткізді.

Сыр өңірінің белгілі ақыны, «Жан азабындағы Бақыт» атты жыр жинағы үшін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері атанған Елубай Әуезовтың жары Гаухар Сүлейменова, күміс алқа иегері Қаншай Әбдіраман барлық анаға құттықтау лебізін білдірді.

Ақ бата, жүрекжарды лебіздер мен ән-шашуға толы күн аулы жандар деген құрмет пен ризашылықтың жарқын көрінісі болды. Ардақты аналарға алғыс айтылып, қала әкімінің атынан сый-сияпат көрсетілді.

«АЖ» ақпарат



ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНДАҒЫ

500 ЖЫЛ

Басы 1-бетте

Ағаларым Бектас, Битас, Абдулла – бәрі де өмірін теміржолға арнады. Бірі инженер, бірі станция бастығы болса, енді бірі «Құрметті теміржолшы» атанған азамат. Мен де сол жолды жалғап, жарты ғасыр ғұмырымды теміржолға арнадым.

– **Балалық шағыңыз теміржолдың бойында өткен екен. Ал өзіңіздің бұл саладағы жолыңыз қалай басталды?**

– Иә, бала күніміз Жайылма станциясында өтті. Үйіміздің тұсынан өтетін пойыздардың даусы, вагондардың сықыры – біз үшін қалыпты жағдай еді. Сол ортада өскен соң, менің басқа салаға кетуім мүмкін де емес еді. Бұл бізге атадан дарыған мамандық сияқты.

Мен еңбек жолымды жол жөндеуші болып бастадым. 1979 жылы теміржолда электрмеханик болып жұмысқа кірдім. Әскерден соң Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясына монтер болып ауыстым. 1990 жылы он айлық электрмеханик курсын бітіріп, 1994 жылы Жайылма станциясына станция бастығы – электрмеханик болып тағайындалдым.

– **Бұл салада кішкене қателіктің өзі үлкен қауіпке ұласатыны белгілі. Қызметте қандай талаптар болды?**

– Біздің учаске 7 шақырымды құрайды. Теміржолда салғырттыққа мүлде жол жоқ. Бағдаршам, бұрмалар, рельс тізбегі, кабель, аккумулятор – бәріне жауаптымыз. Апта сайын техникалық тексеріс, ай сайын релелік өлшеу, жүйелі жөндеу – бәрі талапқа сай жасалып, қатаң тәртіппен жүреді. Әр белгі, әр қозғалыс – ережеге сай болу керек.



Ең бастысы – 1994 жылдан бастап зейнетке шыққанға дейін өзіме бекітілген учаскеде бірде-бір күрделі ақауға жол берген емеспін. Бұл – жай мақтаныш емес, үлкен жауапкершіліктің нәтижесі. Жұмысымды адал атқаруға тырыстым. Жүйелі тексеру, уақытылы жөндеу – бәрі маңызды.

Жүк пен жолаушы пойыздарының қарқыны сондай – біреуі тұрып қалса, оның артынан 10–15 пойыз кептеледі.

– **Кеңес дәуіріндегі Жайылма станциясының тіршілігі қандай болды және қазіргі ахуалы қандай? Жайылма разъезі туралы қысқаша айтып өтсеңіз.**

– Сексенінші жылдарға дейін мұнда отыз шақты тұрғын үй, шағын бастауыш мектеп, 4 СОБ маманы, 4 станция кезекшісі, он шақты жол жөндеуші болды. Тұрғындар теміржолмен қатар мал ұстап, Бозкөлден балық аулап күнелтті. Балалар Түркістандағы интернатта оқыды. 1991 жылдан бері бұл разъезден өтетін пойыз саны азайды.

Жайылма разъезіне бүгінде пойыз тоқтамайды. Бірақ қандай да бір себеппен тоқтай қалса, оны қамтамасыз ететін 4 бағыттамалық бұрма мен 10 бағдаршам қашанда дайын тұрады. Технология дамығалы бері шағын станциялар қозғалысқа



– Бұл – мен мақтана айтатын дүние. Ұлым Бауыржан – байланыс механигі, екінші ұлым Олжас та осы мамандық иесі. Інілерімнің бірі Бақытжан – аға электрмеханик. Екіншісі Арыстанбек – жол жөндеуші, оның ұлы Жаңақорған вокзалында электрик. Жиендеріміз Рүстем мен Ерболат – екеуі де теміржол саласында.

Абдулла ағамның қызы Меруерт Қызылорда жол бөлімшесінде жауапты қызмет атқарады. Ал Бектас көкеміздің немересі Жансая – Қазақ көлік және коммуникациялар академиясында «Тасымалды ұйымдастыру» мамандығын бітіріп, логистика магистрі атанды. Қазір Атасу Групп компаниясында логист болып жұмыс істейді. Битас ағамның қызы Гүлнар – Белкөл станциясында қызметте. Айта берсең тізім ұзақ. Бірақ әрқайсысы өз ісінің нағыз маманы.

– **Зейнетке шыққан соң бұл саламен байланысыңыз үзіліп қалған жоқ па? Сіз бас-**



қарып, тәрбиелеген жастардың ішінде шәкірттеріңіз жайлы айтсаңыз...

– Жайылма станциясындағы жаңа буын мамандардан Ықылас Убашовты арнайы дайындап, зейнетке шыққанда орнымды тапсырып кеттім. Өзім де жыл сайын оқыту курстарынан қалмай, біліктілігімді арттырып отыратынмын. Бұл – мен үшін үлкен міндет. Себебі теміржолда тәжірибе мен тәртіп сабақтастығы үзілмеуі керек.

Білгенімді үйретіп, соңымнан ерген жастарға жол көрсеттім.

– **Еңбегіңіз ескерусіз қалмаған болар?**

– Жылдар бойы үздіксіз еңбек пен жауапкершіліктің арқасында сала басшылығы тарапынан түрлі алғыс хат пен құрмет грамотасын алдым. «Транс-Экспресс» салалық журналында әулетіміз жайлы арнайы мақала жарық көрді. Бірақ ең үлкен марапат – осы салада үздіксіз қызмет етіп, ұрпағымды да осы жолға салғаным деп білемін.

Жуырда ғана облыс орталығында ұзақ жыл еңбек еткен теміржолшылар кездесуіне шақырту алдым. «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов алғыс хат табыстап, арқамызға шапан жапты.

Еңбегім ескеріліп, түрлі марапат алдым. Ал ең басты марапат – темір жол бойындағы тыныш әрі тиянақты жұмысым.

– **Теміржолшыларға айтар тілегіңіз қандай?**



– Біз шойын жолдың бойында туған, теміржолмен тыныстаған адамдармыз. Сондықтан менің тілегім – теміржол тіршілігінің тыныштығы, халқымыздың амандығы.

– **Әңгімеңізге рақмет! Әулетіңіздің өнегелі жолы талай жасқа үлгі болары анық.**

Түйін. Теміржол – жай ғана қатынас құралы емес, тұтас бір халықтың тыныс-тіршілігімен, экономикалық дамуымен тығыз байланысты сала. Сол жолда күн-түн демей тер төгіп жүрген азаматтардың еңбегі өлшеусіз. Тағдыры мен тарихы, өткені мен бүгіні шойын жолмен сабақтасып жатқан Рзаевтар әулеті – ұрпаққа нағыз үлгі.

Аружан ОРАЛБАЙ

Аралда теміржол арқылы өтетін аспалы көпір пайдалануға берілді

Жеңістің 80 жылдығы мерекесінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Арал ауданында теміржол арқылы өтетін аспалы көпір ашылды. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Саржанов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты, – деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Аймақ басшысы аудан тұрғындарын Жеңістің 80 жылдығы және жаңа көпірдің ашылуымен құттықтады.

– Бүгінгі мерейлі мерекеде құны 3 млрд 140 млн теңге, ұзындығы 940 метр болатын аспалы көпірді салтанатты түрде ашып, ел игілігіне табыстаймыз.

Бұл – аралдық ағайынның көптен күткен арманы! Бұрын пойыз өткенде теміржолдың екі бетіндегі көліктер кептелісте сағаттап күтетін. Жергілікті тұрғындардың ұзақ жылдан бері қордаланған басты мәселесінің оң шешім табуы – біз үшін үлкен жетістік әрі мақтаныш. Аспалы көпірге жаяу жүргіншілер жолы, түнгі жарықшамдар орнатылды.

Жаңа көпір – Аралдың болашағына жол ашатын, ел игілігіне қызмет ететін алтын көпірге айналсын! Баршаңызға амандық, жасампаз істерімізге

толағай табыс тілеймін!, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетұлы құттықтау сөз сөйлеп, мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Саржанов батасын берді. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды. Сондай-ақ, аспалы көпірді салған мердігер мекеме қызметкерлеріне облыс әкімінің алғыс хаты табысталды.

Айта кетейік, Арал ауданы кейінгі жылдары қарқынды дамып келеді. Екі жыл бұрын аудан бюджеті 10,1 миллиард теңге болса, бүгінде 22 миллиард теңгеден асты. Үш жыл ішінде 80 миллиард теңгеге жуық инвестиция тартылды.

Осы кезеңде 80 шақырым ауыз су желісі жаңартылып, халықтың 96 пайызы таза ауыз сумен қамтылды. Сонымен қатар, тұрғындардың

71 пайызы көгілдір отынның игілігін көруде. Аралдың Сыр беткейіндегі елді мекендерді газдандыру мақсатында Қамыстыбас ауылында автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысы басталды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған 10 мектептің 2-еуі Арал ауданында бой көтерді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен 3 амбулатория пайдалануға берілді. Сонымен қатар, құны 4,1 миллиард теңге болатын аудандық аурухананың қосымша ғимараты мен жұқпалы аурулар бөлімшесінің құрылысы басталды. Облыстық бюджет есебінен Сексеуіл кентінде 40 төсектік аурухана ашылды. Жақын күндері Арал қаласында «Руханият орталығы» мен «Қамқорлық» оңалту орталығы іске қосылмақ.

«АЖ» ақпарат



Салтанат ӘСКЕРБЕК:

МЕЙІРБИКЕ – МЕЙІРІМГЕ ТОЛЫ МАМАНДЫҚ



12 мамыр – Халықаралық мейірбике күні. Бұл мейрам ақ халатты абзал жандармен бірге адам өмірін арашалап, олардан артық еңбек етпесе, кем қызмет атқармайтын ардақты мейірбикелерді ұлықтауға арналған. Медицина саласында дәрігерлерден бөлек өмір үшін күресетін жандар қатары көп. Алайда күні-түні науқасты күтіп, олардың бар жағдайын жасайтын мейірбикелер туралы неге айтпасқа? Мереке қарсаңында сондай жауапты қызметті талай жыл бойы атқарып келе жатқан облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының мейіргері Салтанат Әскербекпен тілдесудің сәті түсті.

– Әңгімеміздің әлқис-сасын қызығы мен шыжығы қатар жүретін, асқан жауапкершілікті талап ететін мамандығыңыздан бастасак. Бұл саланы таңдауға не түрткі болды? Алғашқы жұмыс күніңізде орын алған ерекше бір оқиғамен бөлісе аласыз ба?

– Менің медицина саласына келудегі басты арманым – ақ халат киіп, адамдарға көмек көрсету еді. Ақ халаттың өзі ерекше жауапкершілік пен ізгіліктің символы секілді. Алғашқы жұмыс күнім әлі есімде. Жүрегім дүрсілдеп, алаңдаушылық пен қуаныш сезімі араласқан сәт болатын. Бірінші науқасым – құрысу белгілерімен ауруханаға жеткізілген кішкентай бала.

Тәжірибем аз болғандықтан ба, әлде күнделікті көрініске үйренбегендіктен бе, білмеймін, бойымды үрей биледі. Теория жүзінде барлық қажетті білімім болғанымен, тәжірибе сәтінде өзінді жоғалтып алуың мүмкін екен. Бірақ медицинада сасқалақтауға жол жоқ. Себебі әр сәт қымбат. Балаға алғашқы көмек көрсетіп жатқанымда, анасының қорқынышқа толы көзін байқадым. Ол көзде үміт пен үрей, сенім мен шарасыздық қатар тұрды.

Осы сәтте дәрігердің жүрегі мықты болу керек екенін ұқтым. Үрейді жеңіп, бір сәтте шешім қабылдау қабілеті – науқастың өміріне араша түсудің алғышарты. Өрекеттерімің дұрыс болуы үшін қолымнан келгеннің барлығын жасап, кішкентай жүрекке өмір сәулесін сыйлауға тырыстым.

Науқасымның жағдайы жақсарып, анасының жүзіне күлкі үйірілгенде, жүрегімдегі салмақ жеңілдеп, төбем көкке жеткендей күй кештім. Осы бір қуаныш пен жеңілдік сезімі – еңбегіңнің ақталғанының белгісі. Бұл – дәрігердің ең үлкен марапаты, ең асыл мақсаты. Адам өміріне араша түсіп, үміт отын жаға білу – медицинадағы ең қымбат бақыт.

Медицина жолындағы әріптестерімің де осындай сәттерді бастан өткеретініне сенімдімін. Жұмыстағы әрбір кішкентай жеңіс, науқастың амандығы – мейірім мен махаббаттан жаралған мамандықтың ең басты жеңісі.

– Жеке өміріңізге ойыс-сак. Білуімізше отбасыңызда бірнеше адам осы саланың маманы. Әлі де ата жолын

жалғаймын деушілер бар ма?

– Әулетімізде ақ халат киіп, адам өміріне араша түсуді өзіне парыз еткен жандар аз емес. Әкемнің қарындастары, ағамның балалары – бәрі де дәрігерлік жолды таңдаған. Жолдасымның аға-қарындастары да осы саланың мамандары. Медицина біз үшін мамандық қана емес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан асыл мұра секілді.

Аллаға шүкір, тұла бойым тұңғышым – Динар есімді ұлым да осы жолды таңдады. Ол өз білімімен оқуға түсіп, дәрігерліктің қыр-сырын меңгеріп жүр. Оның артынан ер-



ген бауырлары – Мансұр мен Бегайым да жүрек қалауларымен медицинаға бет бұрып отыр.

Қызығы сол, мен оларды бұл жолға мәжбүрлеген жоқпын. Керісінше, осы саланың қиындығын біліп, өздеріне басқа бағыттарды да қарастыруға кеңес бердім. Себебі дәрігер болу – жай ғана кәсіп емес, жан мен жүректің ісі. Ол төзімділік пен жанашырлықты, үлкен жауапкершілік пен мықты рухты талап етеді.

Бірақ балаларым өз жүрек үніне құлақ асып, ата-бабаларының ізгі жолын жалғауды таңдады. Бұл – мен үшін мақтаныш. Олардың таңдауында туған үйдің тәрбиесі мен үлкендердің үлгісі жатса керек. Ақ халаттың қадірін бала кездерінен сезінген олар енді өздері де адам өмірінің арашасы болуды мақсат етіп отыр.

– Медбике ретінде түрлі жағдайларға тап боласыз. Қиын сәттерде қалай сабыр сақтайсыз? Науқастарға рухани демеу болу үшін қандай әдіс қолданасыз?

– Медицина – үміт пен

күреске толы жол. Бұл жолда бәрі әрдайым сәтті бола бермейді. Кейде науқастың жағдайы күрт нашарлап, дәрменсіздік сезімі жүректі езеді. Дәрігер үшін мұндай сәт – жанға ауыр сынақ. Бірақ біз үмітті жоғалтпауымыз керек. Себебі біздің сеніміміз – науқастың да үміті.

Әрдайым науқастың жанынан табылып, барлығы жақсы болатынына сендіреміз. Жылы сөз айтып, үміттің жібін үзбеуге тырысамыз. Өйткені кейде моральдық қолдау – дәрістен де күшті. Жағдай қаншалықты қиын болса да, жүзімізде күлкі, сөзімізде сенім болуға тиіс. Бұл – біздің қызметіміздің жазылмаған заңы.

Дегенмен өмірде ғажайыптар әрдайым бола бермейді. Кейде барлық біліміңді, тәжірибеніңді салып, қолыңнан келгеннің бәрін жасаң да, науқасты құтқара алмайсың. Мұндайда жүрегіңде кінә мен дәрменсіздік сезімі ұялайды. Көз алдына науқастың бейнесі, үмітке толы жанары қайта-қайта оралады. Іштей өзінді жеп, түрлі сауал мазалайды.

Бірақ мұндай сәттерде де сынуға болмайды. Себебі біздің берілмеуіміз – өзге

тағы бір басты қаруы – сөз. Коммуникация – дәрінің өзі сияқты шипа. Науқас кейде емге қарағанда, жылы сөзге зәру болады. Оған жанашырлықпен айтылған әр сөз жүрегіне демеу, жанына тыныштық сыйлайды. Әсіресе балалармен жұмыс істегенде бұл қасиет тіпті маңызды. Қазір ересектер бөлімінде болғаныммен, кезінде балалар бөлімінде де жұмыс істедім. Бала қорқып келсе, күлімдеп қарсы аламын, ата-анасын жылы сөзбен жұбатамын. Себебі бала жүрегі сенімді қажет етеді.

Өкінішке қарай, кейде науқастар өздерінің денсаулығындағы ақаулар үшін дәрігерлерді кінәлап жатады. Олар жағдайдың күрделілігін, медицина қызметкерлерінің шынайы жанкештілігін әрдайым түсіне бермейді. Бірақ біздікі – түсіндіру, сабыр сақтау. Сөзімізден үміт сездіріп, ісімізден кәсібилікті таныту.

Мен жас мамандарға әрдайым коммуникация дағдыларын дамытуға кеңес беремін. Науқаспен, әсіресе балалармен және олардың ата-аналарымен тіл табысу – алтынның парадар қасиет. Біздің қызметімізде жанашырлық пен мейірім жоғалмауы тиіс. Өйткені дәрігердің шынайы күші – оның жүрегінде, ал жылы сөзі – науқастың жанына шипа.

– Салтанат Әскербекқызы, «Армансыз адам – қанатсыз күспен тең» дейді халық даналығы. Сіздің қандай арманыңыз бар?

– Армансыз адам жоқ шығар, сіре. Өркімнің жүрегінде өз тілеуі, өз үміті бар. Арманның үлкен-кішісі болмайды. Ол – адамның жанын алға жетелейтін күш. Менің де арманым көп.

Ең алдымен кәсібimde абыройлы болсам екен деймін. Медицина саласында сіңірген еңбегім еленіп, әрбір жасаған ісім өзгелерге үлгі болса деп тілеймін. Ақ халатымды мақтанышпен киіп, науқастарға шипа болуды жалғастыра бергім келеді.

Әрине, дәрігерлердің орны бөлек, олардың жауапкершілігі мен кәсібилігі айрықша. Бірақ мейірбикелер де дәрігерлерден кем қызмет етпейді. Біз – олардың оң қолымыз, науқастың жанына ең жақын жанашырымыз.

Осы мамандықтың беделін көтеруге үлесімді қосқым келеді. Жастарға үлгі болсам деймін. Оларға мейірімділік пен кәсібиліктің маңызын ұғындырғым келеді.

Арманымның қанат бітуі үшін талмай еңбек етудемін. Күн сайын білімімді жетілдіріп, тәжірибемді шындаймын. Әрбір науқасқа мейіріммен қарап, әріптестеріме қолдау көрсетемін. Себебі арман – тек қиял емес, ол – адал еңбек пен үлкен жүректің жемісі. Лайым, осы жолдан таймай, арманымды ақиқатқа айналдырсам екен.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұршат НЫШАНОВА

Апта басында облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жахановтың төрағалығымен аймақта ерекше қауіпті шегіртке зиянкестері мен карантиндік нысандарға қарсы фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және арнайы техникалардың дайындығын пысықтауға арналған штаб отырысы өтті.

ЗИЯНКЕСТЕРГЕ ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛАДЫ



Жиынға Қызылорда қаласы және аудан әкімдерінің ауыл шаруашылығы саласына жетекшілік ететін орынбасарлары қатысты. Семинар барысында биылғы маусымда атқарылатын химиялық өңдеу жұмыстарына жұмылдырылатын техникалар таныстырылып, мамандардың баяндамалары тыңдалды. Облыстағы аумақтық инспекция басшысы Мұхтар Оразбаев, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев, сондай-ақ республикалық фитосанитариялық диагностика орталығы және «Фитосанитария» мекемесінің облыстық өкілдері алдағы жоспарлармен бөлісті.

– Фитосанитариялық қауіпсіздік – бұл аграрлық сектордың тұрақты дамуына кепілдік беретін маңызды бағыттың бірі. Биыл жатаған у кекіреге қарсы 97,5 гектар, қауын шыбынына қарсы 1750 гектар, калифорниялық қалқанша сымырына қарсы 34,5 гектар, арамсоюға қарсы 427,87 гектар жерге өңдеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда, – деді Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы М. Оразбаев.

Мұнан бөлек инспекция басшысы сауда-базарларына жүргізілген бақылаудың нәтижесіне тоқталды. Оның айтуынша, облыс аумағындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жасалған жұмыс барысында биыл 46 айыппұл салынып, 3 774 720 теңге өндірілген.

Жуырда ауқымды өңдеу жұмыстары басталмақ. Мәселен, осы жылы ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы 60 024 гектар жерге химиялық өңдеу жүргізу жоспарланған. Оның ішінде италиялық пруска 24 702 гектар, ал азиялық шегірткеге 35 322 гектар жер бөлінбек. Ал бұл бағытта «Авиакомпания Дельта-Юг» ЖШС, «Бағжан» ЖК мен «Фитосанитария» РМК секілді мердігер мекемелер жұмыс атқарады. 4 арнайы жер агрегаты, 2 аса жеңіл ұшақ, 1 ұшақ пен 3 дрон тартылмақ. Сонымен қатар, Түркістан, Ақтөбе және Ұлытау облыстарымен ынтымақтастық келісімдер жасалған.

Алдағы уақытта үйлестіру жұмыстары күшейтіледі. Атап айтсақ, «2025 жылы Қызылорда облысында шегіртке зиянкестерімен күрес шараларының іс-жоспары» жасалған. Жол картаға сәйкес, маусымдық кезеңде 4 жұмысшы топ жұмылдырылады. Ал өңдеу жұмыстары жүргізілетін әр ауылдық округ бойынша қажетті техника, зерттеуші мен жауапты маман-



дар бекітілген. Жұмыс күшіне келетін болсақ, жергілікті бюджет қаражаты есебінен маусымдық жұмысқа ауылдық округтерден 130 адам, шаруа қожалықтарынан 100 маман тартылады. Ал жалпы күресу шараларына 324 адам қарастырылған.

Облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов штаб отырысын қорытындылай келе, барлық мердігер мекеме мен жауапты құрылымға химиялық өңдеуді сапалы әрі уақытылы жүргізу жөнінде нақты тапсырма берді.

Әлия ТӘЖІБАЙ



ОҚУШЫ ӨМІРІНІҢ СЦЕНАРИЙІН ЖАЗҒАН МҰҒАЛІМ

Бала мектеп табалдырығын алғаш аттаған сәттен бастап, оны қарсы алатын да, қолдап, демейтін де сынып жетекшісі. Ол әр оқушыны жеке тұлға ретінде танып, оның қабілетін ашуға, жақсы қасиеттерін дамытуға тырысады. Қиындығы мен қуанышы қатар жүретін ұстаздық жолда шәкірттің биік белеске жетуі мұғалім үшін үлкен мәртебе.

Биыл 11-сынып оқушысымын. Мектеп бітіруге 20 күндей қалды. Сыныбымды, ауыл шетіндегі шағын ғана мектебімді, білім берген ұстаздарымды, ең қиыны сыныптастарым мен аяулы ұстазымды қимаймын.

Осы кезге дейін бізге бағыт-бағдар берген ұстазымыз – Айдана Қуанышқызы. Ұстаз деген ұлы ұран, ұлы жан біздің жүріс тұрысымызға дейін саралап, оң мен солды танытқан адам. Адамның басында бес елі бағы болса, сол бағымыздың бірі ұстазымыз Айдана. Жарыстардан орын алсақ төбесін көкке көтеріп жаны жадырайтын, барымен бөліскен елжанды адам. Кеше ғана кішкентай, ерке бұзықтарыңыз бір-бір үлкен азамат болды. Екі үш айдан кейін оқушыларыңыз жоғары оқу орындарының студенті атанбақ.

Өлі күнге дейін есімде, тоғызыншы сынып оқып жүргенде мектепшілік емтихан болатын болды. Апайымыз емтиханның сұрақ-жауап парағын сыныпқа тастап кеткен. Біз оны көріп, үндемей пакетінен жыртып, таласып-тармасып суретке түсіріп келесі күні емтиханнан жоғары жоғары балл жинап шығамыз ба дегенбіз. Бірақ, қайдағы, емтихан болатын күні шпормен ұсталып апайымыз әбден ренжіді. Емтихан бітісімен мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі

орынбасары келіп қатаң сөгіс жариялап, «бәріңді мемлекеттің емтиханнан құлатам» деді. «Мемлекеттік емтиханды қойшы, апайымыз не болмақ» деп ойран топырымыз шығып жатқанда аразамыздағы біреуміздің басымызға ой топ етіп түсіп оны ортаға салды. Сонда сыныптасым Ақзере «Лентаға жинап жатқан ақшадан жар-тысына гүл мен төрт алайық, әйтпесе апайымыздың кешірімін алу қиын секілді» деді ол.

Сыныптың бәрі қосшап, сол күні сабақтан кейін ауылға келетін кішкентай маршрутқа мініп қалаға тарттым. «Запад» аймағындағы гүл сататын дүкенге бардым. Сол уақытта қырсыққанда телефонымның қуаты бітіп, аймандай болдым. Телефонымды қуаттайтын қуаттағыш жоқ, көшедегі адамдардан сөйлесуге телефон сұрайын десем мені көшеде жүрген бишара көрер деп ұялып сәл аялдап отыра бердім. Жаймендеп күн қарайып ұясына батып бара жатып адасып қалма-сам игі» деп ішімнен Құдайдан тілеп қоямын. Бірде гүл сатушы апай келіп «әй бала неге отыр-сың? Келгеніңе үш, төрт сағаттан асты. Біз қазір бір сағатта жабамыз» деді менің мөлейіп жыла-ғым келіп отырғанға жаны ашыды ма, әлде дүкеннен бірдене ұрлап кететін ұрлықшы көрді ме, білмеймін.

Содан телефонымды қуаттайтын қуаттығыш таппай тұрғанымды, сонау Қарақөлден келгенімді жалпы айтқанда не керек, не істейін деп жатқанымды жасырмай айттым. Сөйтіп «келмегенім енді қала болсын» деп ауылға асықтым. Қараңғы түсті. Ауылға келдім. Үйге кіргенде алдымнан бірінші шешем шықты. «Қайда жүрсің? Сабақтың аяқталғаны қашан»

деп айқайға салды. Анама бастан аяқ не болғанын түсіндіріп айтып бердім. Сынып болып кешіксек те сағат тоғыз-ондар шамасында апаймыздың үйіне бардық. Кешірімін алуға тармастық. Соңында кешірді. Содан ертесіне сабаққа барып бәрі дұрысталды ау деп отырғанда, апаймыз гүл лентаның ақшасынан алынғанын білгенде бәрімізге сөгіс жариялады.

Міне біздің сынып пен ұстазымыз осындай уақтарды бастан кешірген.

Көңілі кең жандармен жақсы күндерде бірге болу бір бақыт. Ал сол бақытты күндерді бағалай білген жан ол біздің өміріміздің сценарийін жазған ұстазымыз – Айдана Қуанышқызы.

Мектеп қабырғасынан түлеп ұшуымызға са-наулы күндер қалса да сол мұғалімнің бейнесі көз алдымыздан кеткісі жоқ. Оның жылы жүзі, сабырлы да сенімді дауысы, бізге деген шексіз мейірімі жүрегімізде сақталып қалады. Біз кім болсақ та, қайда жүрсек те, сол мұғалімнің берген білімі мен тәрбиесінің ізі тайға таңба басқандай боларына кепілдік бере аламыз.

Айдана ұстазымыз болашаққа жол көрсетуші шамшырақ бола білді. Ал біз – сол шамның жарығымен өз жолын тапқан жандар болып қала бермекпіз. Жүрегіміздегі кішкентай ғана қуыстан орын алған ұстазымнан кеткім келмейді. Өміріміздің осы жарқын сценарийін жазуға себепкер болған екінші анамызға мың алғысымызды білдіреміз!

Нұрислам БАХТИЯР,

№39 «Қызылөзек» орта мектебінің 11-сынып оқушысы

Қазақ даласында болған ашаршылық – XX ғасырдағы ең қасіретті тарихи оқиғалардың бірі. Бұл нәубет әсіресе Торғай өңірін қатты шарпып өтті. Торғай – Алаш арыстарының кіндік қаны тамған, рухы биік өңір. Алайда XX ғасырдың 30-жылдары бұл жер аштық пен қырғынның орталығына айналды.

1928 жылдан бастап Кеңестік билік қазақ даласында жаппай тәркілеу саясатын жүргізді. Торғай өңіріндегі ауқатты байлардың малы мен дүние-мүлкі мемлекет пайдасына тартып алынды. Бұған қоса, көшпелі өмір салтын ұстанған қазақтарды зорлықпен отырықшылыққа көшіру, ұжымдастыру науқаны мал шаруашылығын күйретіп, халықты азық-түліксіз қалдырды.

ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ



Америкалық тарихшы Сара Камерон өзінің «Аштық жайлаған дала» атты еңбегінде Торғай өңірі туралы былай деп жазады:

«Бұл өңірде 1931–1932 жылдары халықтың жартысынан көбі аштықтан көз жұмды немесе босып кетті. Малынан, жерінен, тіршілігінен айырылған халық енді бір-біріне ғана үміт арта алды».

Торғайдың ауылдарында азық жетіспеген кездері адамдар бір нанды бөлісіп жеп, жалғыз қалған көрші қарияға қамқор болып, жолаушыны жатсынбай үйіне кіргізіп, бір уыс тарысын ортаға салған оқиғалар аз болмаған.

1932 жылы Қараторғай ауылында аштықтан бүкіл отбасы қырыла жаздаған бір азаматты көршісі өз басын қатерге тігіп болса да аман алып қалған. Бұл оқиға «Торғай шежіресінде» жазылып қалған:

«Бір үзім нанды бөлісудің өзі сол кезде ерлікке тең еді. Адамдар бір-бірін құтқарып, досқа адал болу арқылы тірі қалды».

Ашаршылықтан қашқан халық Қостанай, Ақмола, Башқұртстан, Ташкентке дейін босып кетті. Көптеген адам жолда аштан өлді, бір-бірінен көз жазып қалды. Торғайдан кеткен көптеген бала жетім қалып, басқа елдерге асырап алынған. Туыстықтың осындай кезде үзілгені жүректі ауыртады. Бірақ кейбір деректерде он жыл өткен соң жақындардың табысқан оқиғалары да бар.

1932 жылы Торғайда жергілікті жастар бір-біріне көмектесіп, «науқан» бастаған. Азық тауып, ауруды емдеп, босқындарды бағыттап отыру сияқты жұмыстар атқарған. Бұл – бейресми, халық арасынан шыққан алғашқы «еріктілер қозғалысы» десек болады. Олар күнделік те жүргізіп отырған. Солардың бірі – 17 жастағы Бекмұраттың күнделігі. Ол жағдайды былай баяндапты:


«Досымды аман сақтау үшін өз пайдамнан бас тарттым. Қазір достық – наннан да қымбат».

Торғай даласында болған 1930–1932 жылдардағы ашаршылық – тек бір өңірдің ғана емес, тұтас ұлттың жадында сақталар тарихи қасірет. Халықтың қайғысы ұмытылмауы керек. Торғайдың торығы – елдің есінде, ұрпақтың жүрегінде.

Айсара МЕЙРАМБЕКОВА,

11-сынып оқушысы
Зайсан қаласы

БІЗ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ



Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін ең күрделі мәселелердің бірі. Жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Бұл дерттің алдын алып қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дертті одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

З.БИСЕНОВА,

Қызылорда облыстық загіп және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасының маманы

АЖЫРАСУ НЕГЕ КӨП?

Бүгінгі қоғамда отбасы институтының беріктігі сынға түсіп тұрғандай. Статистикалық деректерге сүйенсек, 2024 жылдың соңында Қазақстанда тіркелген некенің жартысына жуығы ажырасумен аяқталған. Бұл көрсеткіш елімізді әлемдегі ажырасу деңгейі ең жоғары елдердің қатарына қосып отыр.



Ажырасудың себебі сан алуан. Сарапшылардың пікірінше, негізгі факторлардың бірі – туыстардың араласуы (61%), моральдық шектеулердің әлсіреуі (41%) және ажырасу процесінің жеңілдетілуі (25%). Сонымен қатар, ерлі-зайыптылардың жас кезінде үйленуі, экономикалық қиындықтар, шетелге жұмыс істеуге кету секілді әлеуметтік-экономикалық жағдайлар да отбасының тұрақтылығына әсер етуде.

Қазіргі жастар үшін отбасылық құндылықтар мен жауапкершілік мәселесі өзекті болып отыр. Ажырасудың көбеюі балалардың психологиялық жағдайына, қоғамның әлеуметтік құрылымына кері әсерін тигізеді. Сондықтан, отбасы институтын нығайту, жастарға отбасылық өмірге дайындықты үйрету, моральдық және рухани құндылықтарды насихаттау маңызды.

Адина ҰЗАҚБАЙ,

Қызылорда қаласы

АЛИМЕНТ: АТА – АНА ПАРЫЗЫ МЕН ЗАҢ ТАЛАБЫ

Бала – өмірдің ең үлкен бақыты әрі болашақтың иесі. Ата-ана болу тек перзентті дүниеге әкелу емес, оны тәрбиелеп, жеткізу – әрбір адамның міндеті. Өкінішке қарай, кейде отбасылар ажырасып, ерлі-зайыптылар екі жаққа кетіп жатады. Алайда ата-аналық жауапкершілік ажырасумен аяқталмайды. Әсіресе, баланы асырау мен қамтамасыз ету мәселесінде көптеген жауапкершілік жүктеледі.

Шынын айту керек, отбасыдағы ыдыс-аяқ сылдырлағанан кейін алимент басты мәселеге айналады.

Алимент – ата-ананың баласын асырау үшін төлеуге міндетті қаражаты. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексында ата-аналардың балалары алдындағы материалдық міндеттері нақты көрсетілген. Егер бала кәмелетке толмаған болса, ажырасқан ата-ананың бірі екіншісіне ай сайын алимент төлеп отыруға міндетті. Мөлшері сот шешімі немесе тараптардың

өзара келісімі арқылы белгіленеді. Көп жағдайда төлем мөлшері ата-ананың табысына байланысты. Мысалы, бір балаға табыстың 1/4 бөлігі, екі балаға 1/3 бөлігі, үш және одан көп балаға табыстың 1/2 бөлігі мөлшерінде белгіленеді.

Шынын айту керек, алимент төлегесі келмейтін, жауапкершіліктен жалтаратын азаматтар саны да жыл сайын артып келеді. Бұл – қоғам үшін алаңдатарлық жағдай. Себебі алимент – ата-ананың тек заң алдындағы емес, бала алдындағы моральдық және адамгершілік міндеті. Бір сөзбен айтқанда, алимент төлемеу – баланы қараусыз қалдырумен тең.

Аймағымызда алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкерлерге қатысты сот орындаушылармен «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы заңының талабына сәйкес барлық азаматты мәжбүрлеп орындату шаралары жүргізілуде. Соның бірі – борышкерлерге әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тарту.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, осы жылдың алғашқы тоқсанында алимент төлеуден жалтарып

жүрген 115 борышкер әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 669-бабы 1-бөлігімен әкімшілік жауапкершілікке тартылған.


Қорытындылай келе, кейбір ата-ана алиментті тек материалдық төлем деп түсінеді. Бірақ бұл – баланың өмір сүру сапасына, тамағына, киіміне, білім алуына, денсаулығына тікелей әсер ететін қаражат. Бұл – ата-ананың баласына деген қамқорлығы мен сүйіспеншілігінің де бір белгісі.

Алимент – жай заңдық міндет емес, бұл – ар алдындағы, перзент алдындағы парыз. Әрбір ата-ана өз баласына лайықты өмір сүру жағдайын жасауға міндетті. Тіпті отбасы бұзылған жағдайда да, баланың болашағы мен бақыты – ата-ананың ортақ жауапкершілігі болып қала береді. Ендеше, алимент – міндет емес, адамгершілік ісі екенін әркім жүрегіне түйіп жүруі керек.

Айдос КАСИМОВ,

Қызылорда облысы бойынша өңірлік палатасының жеке сот орындаушысы

ҚОС ПАЛУАН ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР



Жуырда Астана қаласында дзюдодан «Qazaqstan Barysy Grand Slam» турнирі өтті. Жарысқа әлемнің 48 елінен 400-ден астам спортшы қатысып, бақ сынады. Ал елімізден 7 салмақ бойынша 26 ер және 14 қыз спортшы жүлдеге таласты.

Жақсылық Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайында өткен турнирде жерлестеріміз Абылайхан Жұбаназар мен Мағжан Шамшадин қола жүлдеге қол жеткізді.

81 келі салмақта өнер көрсеткен спортшымыз Абылайхан қола жүлдеге таласта италиялық Мануэль Парлатиді небәрі 29 секундта тізе бүктіріп, ел қоржынына қола жүлде салды. Ал 60 келіде бақ сынаған Мағжан Шамшадин француз палуаны Энцо Джиннен басым түсті. Айта кетейік, Мағжан осымен Астанада өткен турнирде екінші мәрте медаль алып отыр. Ол бұған дейін 2023 жылы өткен додада алтын медальға қол жеткізген еді.



Миллиондаған жанкүйердің жүрегін жаулаған футбол командаларының бірі – Испанияның каталондық клубы «Барселона». Қоржыны жүлдеге бай. Негізі сонау 1899 жылы қаланған клуб осы күнге дейін төменгі дивизионға түспеген клубтардың қатарына кіреді. Бүгінде төрткүл дүние назарын аяғына телмірткен аяқдопшылардың басым көпшілігі де осы клубта доп тепкен.

ЖАНКҮЙЕРЛЕР ЖҮРЕГІН ЖАУЛАҒАН КЛУБ

Жаңа ғасырдың жеңісі

Клуб тарихында маңызды екі кезең бар. Біріншісі – 1988 жылы клубтың тізгінін Йохан Кройфф ұстады да, команда көптеген жүлдені иеленді. 1989 жылы УЕФА Кубок иелерінің кубогын, 1992 жылы УЕФА Чемпиондары кубогын ұтып алды. Бір қызығы, осы екі финалда да клубтың қарсыласы «Сампдория» болды. 1992 жылы УЕФА суперкубогына қол жеткізді. 1990-1994 жыл аралығында төрт рет Испания чемпионы атанды. Алайда 1994/95, 1995/96 жылғы маусымдар «Барселона» үшін көңілдегідей болмады да, Йохан Кройфф жаттықтырушылық қызметінен босады.

Екінші дәуір 2004 жылдары басталды. Бұл кезде клуб тізгінін тағы бір нидерландтық маман Франк Райкаард ұстады. Клубка Роналдиньо, Хенрик Ларссон, Людовик Жюли, Деку секілді футболшылар келді және де өз кантерасынан шыққан болашақ жұлдыздар Лионель Месси, Хави, Андрес Иньеста секілді футболшылар жетіліп келе жатты. Клуб 2005, 2006 жылдары Испания чемпионы атанды, УЕФА Чемпиондар лигасында топ жарды.

2006-2007 жылы «Барса» ең бай клубтар тізімін анықтау кезінде үшінші орын иеленді. Оның жылдық табысы – 291,1 миллион еуроны құрады. Алдыңғы екі орында Мадридтік «Реал» және ағылшындық «Манчестер Юнайтед» орналасты.

2006-2007, 2007-2008 жылдары «Барселона» ойыны көптің көңілінен шықпады да, 2008 жылы жазда бапкерлікке Хосеп Гвардиола келді. Бұл кезде клубтан Деку, Роналдиньо, Дзамбротта, Тюрям секілді футболшылар кетіп, құрам едәуір жаңарған-ды. Сондай-ақ 2007 жылы жазда «Арсеналдан» Тьерри Анри келді. Оның үстіне Серхио Бускетс, Лионель Месси, Педро секілді футболшылар жетіліп келе жатты. Алғашқы маусымда-ақ Гвардиола жүлде біткеннің бәрін ұтты – Испания чемпионаты, УЕФА Чемпиондар лигасы, Испания кубогы. 2009-2010 жылғы маусым да сәтті басталды, Испания суперкубогы мен УЕФА Суперкубогы олжаланды. Сол жылы қыста клубтар арасындағы әлем чемпионатында топ жарды.

2011 жылы Гвардиола екінші рет УЕФА Чемпиондар лигасы мен Клубтар арасындағы әлем біріншілікті және УЕФА Суперкубогын ұтты. 2012 жылы жазда бапкер кетті де, клуб шамалы бәсең тартты. 2013 жылы жазда Неймардың клубқа келуі де қайта бұрынғы биігіне шығуына көмектеспеді. Тек 2014-2015 жылғы маусымның басында клубқа бапкер болып Луис Энрике келді де, 2015 жылы тағы



требл жасады: УЕФА Чемпиондар лигасын, Испания чемпионатын, Испания кубогын ұтты.

2017 жылы клубқа бапкер ретінде Эрнесто Вальверде келді. Осы жылы жазда Неймар клубтан кетті. Соған қарамастан клуб 2017-2018, 2018-2019 жылдары қатарынан екі рет Испания чемпионы атанды. 2020 жылы Испания суперкубогында клуб жартылай финалда «Атлетико Мадридтен» ұтылып қалды да, артынан Вальверде қызметтен босатылды. Орнына 13 қаңтарда Кике Сетьен келді. 2019-2020 жылғы маусымда клуб Испания чемпионатында екінші орында қалды, Чемпиондар лигасының ширек финалында «Бавариядан» 2:8 есебімен ойсырай ұтылып, Кике Сетьеннің орнына Рональд Куман бас бапкер болды. Осыдан кейін командада буйын алмасу жүріп жатты. Клубтың жағдайы да күрт нашарлап кетті.

2021 жылы 1 шілдеде клубтың көп-жылдық жетекші ойыншысы Лионель Месси командадан кетті. Сол жылы күзде Рональд Куман Райо Валекано клубынан 1:0 есебімен ұтылып қалған соң клубтан қуылды. Куман қызметінен кеткеннен кейін Хави бас бапкер болып тағайындалды. Хавидың жетекшілігімен Барселона 2023-23 маусымда Испания чемпионы атағын және Испания Суперкубогын жеңіп алды. 2024 жылдың 24 мамырында Барселонаның бас бапкері қызметінен босатылды.

2024 жылдың 26 мамырында Барселона Ханс-Дитер Фликты бас бапкер қызметіне тағайындады. Флик Барселона тізгінінде алғашқы трофейін 12 қаңтар күні жеңіп алды. Испания суперкубогында Барселона Реал Мадрид клубын 5-2 есебімен тас талқан етті. Одан кейін Испания кубогында да 3-2 есебімен жеңіп, кубокты көтерді. Оның үстіне Ла Лигадағы екі Эл-Класико ойында да Барселона басым түсіп, королдік ұжымға бір сезондағы ойындардың барлығын мүмкіндік бермеді.

Басы 1-бетте

Ала доп бәсекесінде еліміздің түкпір-түкпірінен келген спорт журналисінен құралған 14 команда бақ сынады. Солардың қатарында – Сыр елінің сенімін арқалаған «Ақмешіт» командасы да бар.

Жерлестеріміз турнирде алғаш болып «Хабар Dream team» жігіттерімен күш сынасып, соңында тең тарқасты. Екінші ойын Түркістанның «Daqa media» командасымен кездесу өткізіп, өз қақпаларына гол жіберместен екі доп айырмасымен жеңіске жетті. Алайда топтағы үшінші ойында ҚФФ командасына 0-1 есебімен есе жіберді. Осылайша топта 4 ұпай жинаған жерлестеріміз гол айырмашылығы бойынша топтан шығып, ширек финалға жолдама алды.

Ширек финалда Шымкент қаласының қаламгерлерімен өткен ойын негізгі уақытта тең аяқталып, барлығы пенальти сериясында шешілді. Маңызды сәтте қарсыласқа мүмкіндік бермеген «Ақмешіт» командасының қақпашысы Нұрислам Ғұмар қырағылық танытып, жігіттерді жартылай финалға шығарды. Кезекті қарсылас – елордалық «Қазмедиа». Бұған дейін бұл турнирді бір мәрте жеңіп, дүбірлі доп додаларда асығы алшысынан түсіп жүрген командаға қарсы ойнау жерлестер үшін оңай болған жоқ. Алғаш болып есепті ашқан астаналықтар соңына дейін қорғанып бақты. Алайда төреші ысқырығының естілуіне санаулы минуттар қалғанда айып соққысын сәтті орындаған команда капитаны Әділбек Жаханов есепті теңестіріп, финалға деген өшкен үмітті қайта жақты. Осылайша тең ойынның тағдыры тағы да пенальти сериясында шешіліп, асығы алшысынан түскен Сыр қаламгерлерінің командасы ақтық сынға жолдама алды. Ал финалда Тараз қаласының жігіттерімен тартыс күтіп тұр.

Бір күнде 5 ойын өткізген екі команданың ойыншылары да әбден шаршаған. Бірақ қалқанқұлақ кубоктан екеуінің де дәмесі зор. Бұл турнирді алу қаламына қуат біткен журналистер үшін – үлкен абырой. Алғашқы минуттар жылжып жатыр, ешкімнің қателесісі жоқ. Алайда күтпеген жерден тараздық команда жылдам шабуыл ұйымдастырып, қақпашыны қапы қалдырады. Есеп – 0-1. Алаңда айқайлаған капитан дауысы жігіттерді жігерлендіріп барады. Әрбір көз алдында өткен секундтар есепті теңестіру қажет екенін еске салады. Бір сәт суырылып шыққан Әділбек Жаханов пен Қуаныш Мұстафасе тамаша шабуыл ұйымдастырып, есепті теңестіреді. Тағы да негізгі уақыт тең, алда пенальти. Плей-офф ойындарының барлығында пенальтиден жеңілмеген жігіттер ақтық сында сүрінсін бе? Қақпашы барлық соққыны тосып алды, жігіттер пенальтиді сәтті орындады.

Осылайша Қызылорданың «Ақмешіт» командасы Амангелді Сейітханов атындағы республикалық турнирдің екі дүркін жеңімпазы атанды. Ал күміс жүлде Тараз командасына, қола жүлде «Қазмедиа» ұжымына бұйырды.

Кубок қолда, кеудеде алтын медаль. Бұған дейін 2023 жылы үздік болған жігіттер екінші мәрте чемпион болғандарын Қызылорда қаласының 100 жылдық мерейтойына арнады.



Қаламгерлерден құралған команданы Қызылорда қаласының әкімдігі, облыстық спорт және туризм басқармасы, облыстық қоғамдық даму басқармасы, әріптес достары күтіп алып, үздік болғандарымен құттықтады. Сонымен қатар Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов арнайы қабылдап, қаламгерлерге деген құрметін көрсетті.

– Бұл жеңіс Қызылорда қаласының 100 жылдық мерейтойы қарсаңында зор маңызға ие болып отыр. Сіздер журналистика саласында ғана емес, спортта да серпінді қадам жасалыңыздар. Доп додасында дарабоз атанып, мерейімізді асыра білдіңіздер. Бұл – ортақ абырой. Жеңістеріңіз құтты болсын! – деген Нұржан Сәбитұлы команда жігіттеріне сый-сияпатын табыстады.

Мұнан соң Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаев та шығармашылық пен спортты қатар алып жүрген жігіттерге ризашылығын білдірді.

– Қызылордалық «Ақмешіт» командасының бұл жеңісі – тек спорттық жетістік ғана емес, Сыр елінің ауызбіршілігі мен ынтымағын танытқан тарихи сәт болды. Еліміздің әр өңірінен жиналған 14 команданың ішінде топ жарып, екі дүркін жеңімпаз атану – қажырлы еңбек пен

айқын мақсаттың нәтижесі деп білемін. Тілшілік тіршілікпен қатар спорт саласын кең көлемде насихаттап, әрдайым белсенді болғандарыңызға шынайы алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта да жеңіс жолынан жанымай, биік белестерді бағындыра берулеріңізге тілектеспін!, – деді басқарма басшысы.

Жеңімпаз команда атынан сөз алған қатысушылар көрсетілген құрмет пен қолдау үшін

өз ризашылықтарын білдіріп, бұл жетістік алдағы жарыстарға үлкен шабыт сыйлайтынын жеткізді.

«Ақмешіт» – Сыр өңірінің қаламгерлерінен құралған команда. Бүгінге дейін талай доп додаларда топ жарып, оза шапты. Команданың капитаны, жанашыры Әділбек Жаханов «жігіттер мұнымен тоқтамайды!» деп алда талай жеңісті күндер күтіп тұрғанын айтты.

– Бұл біз үшін үлкен мәртебе, аймақтың абыройы. Өйткені «Seitkhan cup» турниріне ешқандай команда жай қатысу үшін келмейді. Бәрі Аман аға атындағы жарыста жеңіс тұғырынан көрінуді мақсат етіп, тыңғылықты дайындықпен келеді. Сондықтан бұл чемпиондықтың құны қымбат. Барша тілекші болған, қолдау көрсеткен, демеушілік жасаған азаматтарға алғысымыз шексіз. Әлі талай алдыңғы қатардан көрінетін боламыз. Жеңісті күндеріміз көп болсын!, – деді Әділбек Серікұлы.

Айтпақшы, жігіттер келер жылы Амангелді Сейітхановтың 5-ші ала доп бәсекесі Абай облысының әкімі Берік Уәлидің ұсынысымен Абай облысында өтетінін жеткізді. Сондай-ақ одан кейінгі турнирді Сыр өңірінде өткізуге ұсыныс жасады. Өйткені Амангелді Сейітханов қазаққа ортақ тұлға.



Камп Ноу стадионы – таңғажайыптар мекені

Клубтың негізгі ойнайтын алаңы – Камп Ноу стадионы, Еуропадағы сыйымдылығы жағынан ең үлкен футбол стадионы. Стадионның ресми ашылуы 1957 жылдың 24 қыркүйегінде өтті. Ашылғаннан бері стадион Каталон футбол клубына тиесілі болды және алдымен «Estadi del FC Barcelona» деп аталды. Соған қарамастан ол Камп Ноу деп аталып кеткен. Ресми түрде ол өзінің қазіргі атауын 2000 жылы алды. «Камп Ноу» – бұл Испаниядағы ғана



емес, бүкіл Еуропадағы ең үлкен стадион: сыйымдылығы 99,354 көрермен.

Стадион бірнеше рет қайта құрылды. Бұл алғаш рет 1981 жылы болды: стадион Испанияда өткен 1982 жылғы Әлем кубогының матчтары өткізу үшін кеңейтілді. Сыйымдылығы 120 000 көрерменге дейін ұлғайтылды. Екінші қайта құру 1998 жылы УЕФА-ның барлық орындар орындықтармен қамтамасыз етілуі керек деген жана ережелерді енгізуіне байланысты жүзеге асырылды. Стадион мүмкіндігінше көп орынды сақтап қалуы үшін көгалдардың деңгейін төмендетуге тура келді. Қазіргі уақытта стадионның сыйымдылығы 99 354 көрерменді құрайды. Футбол алаңының көлемі – 105x68 метр.

2007 жылдың қыркүйегінде клуб ашылған күнінен бастап елу жылдық құрметіне стадионды қайта құру жобасын қабылдады. Халықаралық байқау ұйымдастырылған, оның барысында әлемнің сәулетшілері өз жобаларын ұсынды. Қазылар алқасының құрамына клуб өкілдері, мемлекеттік әкімшілік және қаталан сәулетшілері қауымдастығының мүшелері кірді. 2007 жылдың 18 қыркүйегінде жеңімпаз белгілі

Үздіктер шығатын шеберхана

Барселонадағы жүйелі жұмыстың спорттағы бір көрінісін Ла Масияның кешегі һәм бүгінгі көрермет нәтижелерін көруге болатын шығар. Тума талантты жазбай танытын бұл мектеп әлемнің болашақ футбол жұлдыздарына бала кезінен доп басып тауып, өзіндік футбол философиясына баулып, сары майдай сақтап, балапандай баптап, уақыт-сағаты келгенде үлкен футбол додасына алып шығатын философиясымен ерекшеленеді. Олай жасамаса Ла Масия мен Барселона бола ма?! Месси, Иньеста, Хави, Бускетс, Пике сынды Ла Масия таланттары Барселонаны көкке көтерді. Месси Аргентинаны, өзгелері Испанияны Еуропа мен әлем чемпионаттарында үстем етті. Кейінгі 10-15 жылдағы футбол тарихының бір бөлігін осы Ла Масия түлектері жазды десек те артық емес шығар. Кейінгі кездердегі тамаша футбол тактикаларына қарап Ла Масияның жас шәкірттері Барсаның қазіргі футбол философиясын қалыптастырып

жатқандай әсер қалдырады. Гави (11 жаста), Ямал (7 жаста), Фермин Лопес (13 жаста), Пау Кубарси (11 жаста), Марк Касало (13 жаста) Ла Масия табалдырғынан аттаған екен. Ла Масияда қалыптасқан, тамырын тереннен алатын таланттармен атқарған жүйелі жұмыс пен қажырлы еңбектің нәтижесі тамаша ұжымдық философияға, араға уақыт салып футбол додасындағы тын феноменге айналар күн алыс емес тәрізді.

Қорытынды. Клуб биыл қайта күш алғандай. Маусым басталғаннан-ақ камбэк қаһармандары атанып, клуб тарихын қайта жаза бастады. Футбол әлеміне 17 жастағы Ламин Ямалды тарту еткен ұжым құрамы одан әрі күшейте түсті. Шабуылшылар – Левандовский, Рафинья, Ферран Торрес, орталық қорғаушылар – Педри мен Гави, Де Йонг, Фермин Лопес пен Касало, қорғаушылар – Кубарси мен Мартинес, Балде мен Кунде, Араухо мен Эрик Гарсия бірлесе жүріп, Испания кубогын жеңіп, ендігі Ла Лига чемпиондары атануға жақын тұр.

Десек те клуб жанкүйерлерінің 10 жылдан бері күткені – Чемпиондар лигасының қалқанқұлақ кубогы. Алайда бұл



жолы да каталондық ұжым жартылай финалда италиялық «Интер» клубына есе жіберіп, жарыс жолынан шығып қалды. Жанкүйерлер Ханс-Дитер Флик баптайтын клубтан келер жылы Чемпиондар лигасын жекенді сұрайды. Ал ұжым осы уақыттан бастап Барселонада келер жылы дүбірлеген той болады деп сендіреді.

Бетті әзірлеген
Абзал ЖОЛТЕРЕК



36

СЕКУНДТА ОРЫНДАЛҒАН ТРЮК

Қазақ өнері тағы бір мәрте төрткүл дүниеге танылды. Алматы циркінің майталман әртістері Батыр Жанұзақ пен Марлен Маратов Миланда өткен әйгілі «Lo Show Dei Record» халықаралық шоуында әлем назарын өздеріне аударды. Олар адам сенгісіз трюкті небәрі 36,66 секунд ішінде орындап, Гиннестің рекордтар кітабына енді.

Бұл рекорд жай ғана сәттілік емес, тегеурінді еңбек пен темірдей тәртіптің жемісі. Қазақтың «СерБат» тобының өнері бұрыннан әлемдік аренада танымал. Десе де бұл жолғы жетістік отандық цирк өнеріндегі асқақ белес болды. Басқа бір адамның басына қолымен тік тұрып, тар сатымен жоғары көтеріліп, қайта түсу тек кәсіби акробаттардың ғана емес, рухы мықты, жүрегі батыр жандардың қолынан келер іс.

– Бұл естен кетпес сәт болды. Біз қойылымға ұзақ уақыт бойы тынбай дайындалдық. Ал көрермен қол шапалақтаған кездегі әсерді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Бұл қошемет біз үшін рекордтан да маңызды, – деді Батыр Жанұзақ.

Бұған дейін де өнер иелері әлемдік деңгейдегі «America’s Got Talent», «Britain’s Got Talent», «China’s Got Talent» сияқты шоуларда финалға шығып, көрерменді тәнті еткен. Ал осы жолы олар әлемнің ең үздік өнерпаздары бас қосқан додада топ жарып, еліміздің мерейін үстем етті. Топ мүшесі Марлен Маратов «Бұл жетістік – бүкіл командамыздың жеңісі» дейді.

– Біз үшін бұл жай ғана рекорд емес, бұл цирк өнеріне махаббатың, өмірін арнаған командамыздың еңбегіне берілген баға. Бізге сенген барлық жанкүйерге алғысымыз шексіз. Бұл трюкті жасау үшін 4 жыл тыңғылықты дайындалдым, – деді ол.

Ал Қазақ мемлекеттік циркінің директоры Мақсат Жайықов бұл оқиғаны еліміздің өнер тарихындағы маңызды кезең деп бағалайды.

– Біз өнерпаздарымызбен мақтанамыз. Бұл рекорд жеке жетістік қана емес, сонымен қатар қазақ цирк өнерінің дамуына қосылған зор үлес. Енді Қазақстанда нағыз цирк шеберлері бар екенін бүкіл әлем біледі, – деді ол Алматыда өткен баспасөз конференциясында.

«СерБат» тобы болашақта тағы бірнеше рекорд жаңартуға дайындалып жатқанын жасырмады. Қазірдің өзінде оларда тіркелмеген төрт рекорд бар екен. Батыр мен Марлен бұл межелерді де енсеруге дайын. Жуық арада олар Алматыда ерекше шоу ұйымдастырып, өздерінің жаңа бағдарламасын отандық көрерменге ұсынбақ.

Миландағы байқау жай ғана жарыс емес, әлемдік өнердің деңгейін көрсететін үлкен сахна. Онда кез келген нөмір шеберлік пен қауіпсіздік талаптарына толық сай болуы тиіс. Бұл тұрғыда алматылық өнерпаздардың шеберлігі мен физикалық дайындығы халықаралық қазылар алқасын да тәнті етті.

Өнердің шыңы – жүрекпен жасалған еңбек. Ал сол еңбек әлемді мойындатқанда, бұл тек әртістердің ғана емес, күллі елдің қуанышы.

Әлия ТӘЖІБАЙ

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС МЕДИЦИНА

қаншалықты қауіпті?

Әкесінің денсаулық жағдайына алаңдаулы Фариза Түреханова есімді қала тұрғыны кәсіби медицинадан ем таба алмаған соң, аурудан құтылудың түрлі жолын қарастырды. Еліміздің өзге өңірінде ерекше шипагерлік қасиетімен танымал болған емшіні іздеп тапқан ол, ойланбастан отбасын ертіп, сонда аттанады. Ол кісі таудың етегіндегі шағын ауылды мекендейді. Бұрын дәрігер болып қызмет атқарған, медициналық білім алған бұл емшіге кейіннен ата-бабаларынан ерекше емшілік қасиет дарыған деседі. Емші апа онкологиялық дерттерді, сондай-ақ өзге де ауруларды емдеумен айналысады.



Бұл кісінің басты емдеу әдісі – шөппен емдеу. Науқастың тамырын ұстап, диагноз қояды және сол бойынша шөптен дәрі дайындайды. Шиппалы өсімдіктерді апта сайын таудың басынан өзі жинап алып келеді екен.

Көпшілікке онша танымал болмағанымен, емші апаның атына алыс-жақыннан келушілер үзілмейді. Оның алдынан шипа тапқан жандар арасында әсіресе онкологиялық дерттен айыққандар көп. Кезекте тұрғандардың ішінде бұрын емделіп, дертінен құлан-таза айыққан адамдар да бар. Олар емшінің шөптен дайындалған дәрілерінің оң нәтиже бергенін айтып, ризашылықтарын білдіреді.

Солардың бірі – ауыр онкологиялық сырқатқа шалдыққан науқас. Емші апаға қаралып, оның қойған диагнозы мен шөп дәрісінің арқасында науқастың дертінің таралуы тоқтап, уақыт өте келе сырқатынан мүлдем айыққан. «Бұл кісінің шөптен жасаған дәрілерін тұтынғаннан кейін дәріханалардағы дәрі-дәрмектерге қажеттілік қалмады» дейді науқас.

Иә, мұндай ғажайыптың болғаны көңіл қуанытып, сан жүрекке үміт сыйлайтыны рас. Алайда дәстүрлі емес медицинаның толық қанды не туралы екенін көбі біле бермейді.

Дәстүрлі емес медицина – адамзаттың ежелден келе жатқан тәжірибелеріне сүйенетін, бірақ қазіргі заманғы ғылыми негізге ие емес емдеу тәсілдерінің жиынтығы. Кейінгі жылдары бұл медицинаның түрлі әдістері қоғамда кеңінен қолданылып жүр. Біреулер оны емделудің баламасы ретінде көрсө, өзгелер қауіпті деп есептейді. Дегенмен оның пайдасы мен зияны туралы әлі күнге дейін ортақ пікір жоқ.

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында бақсы-балгер мен емшінің ерекше орны бар. Көшпелі өмір салты кезінде кәсіби дәрігерлердің болмауы халықты табиғатпен үндесіп, сырқаттарын шөптермен, тылсым күштермен емдеуге итермеледі. Бақсылар бүбеннің үнімен рухтарды шақырып, ем жүргізсе, балгер болашақты болжап, науқасқа шипа іздеді. Бұл

сенім ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халықтың сана-сезіміне терең орнықты. Бүгінде де кейбір адамдар сырқаттанғанда алдымен емханаға емес, емшіге жүгінуді жөн көреді. Алайда дәл осы сенім кейде адамдарды ғылыми негізі жоқ, қауіпті емдеу әдістеріне итермелеп, денсаулықтарын қатерге тігеді.

Кейбір адамдар үшін дәстүрлі емес медицина науқастың рухани, физикалық және эмоционалды қалпын жақсартудың бірден-бір жолы. Бұл салада фитотерапия, акупунктура, гирудотерапия сияқты әдістер көп таралған. Олардың кейбіреулері ғасырлар бойы пайдаланылып келеді және белгілі бір деңгейде оң нәтиже көрсеткен жағдайлары да бар.

Мәселен, акупунктура (ине терапиясы) ауырсынуды азайту үшін тиімді деп саналады, ал фитотерапия табиғи дәрілік өсімдіктерді қолдану арқылы иммунитетті нығайтады. Мұндай әдістерді қолдайтындар олардың табиғи жолмен емделуге мүмкіндік беретінін алға тартады. Көпшілік біз білетін кәсіби медицинадан ем таппаса, бақсы-балгер аралап, тау-тасты жағалаудан да тайынбайды. Ал ұсынатын емдік дәрісінің құрамы шөп болғандықтан, оның зияны жоқ деп пайымдауға бейім.

Алайда дәстүрлі емес медицина ғылыми дәлелдерге сүйенбейтіндіктен, оның көлеңкелі тұстары да жеткілікті. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай бұл мәселені бірнеше мәрте көтеріп, құқықтық реттеудің жоқтығы науқастардың денсаулығына айтарлықтай қатер төндіретінін атап өтті.

– Мәселе мен тәуекелге тоқталсақ, дәстүрлі емес медицина саласын нақты заңнамалық реттеудің болмауы келесі мәселелерге әкеледі. Пациенттердің денсаулығына қауіп: дәлелденбеген немесе қауіпсіз емес емдеу әдістерін қолдану денсаулық жағдайының нашарлауына немесе асқынулардың дамуына әкелуі мүмкін. Бақылау және жауапкершілік механизмдерінің жоқтығы: пациентке зиян

келтірілген жағдайда, жауапкершілікке тарту және зардап шеккендердің құқықтарын қорғау үшін нақты механизмдер жоқ, – деді сенатор.

Дәстүрлі емес медицина саласында құқықтық база болмағандықтан, пациенттердің денсаулығына зиян келтірілген жағдайда жауапкершілікке тарту механизмі де жоқ. Бұл, өз кезегінде, медициналық тәжірибесі жоқ тұлғалардың халықты емдеу ісімен айналысуына мүмкіндік береді.

Мәселен, кейбір шөптік препараттар мен «халық емдері» жанама әсер тудырып, аурудың асқынуына әкеліп жатады. Бибігүл Жексенбай ұсынғандай, осы салада дәлелдерге негізделген әдістер мен практикалардың тізімін жасау және лицензиялау жүйесін енгізу арқылы ғана қауіп-қатерді азайтуға болады.

Қазақ халқының табиғатқа жақын, емдік шөптер мен халық емдеріне сенім артуы дәстүрлі емес медицинаның танымал болуына негіз болуда. Дегенмен сенімі сүттей халық үшін мұның тұзақ екенін ескеру қажет. Өкінішке қарай, біліксіз емшінің қолына түсіп, емделудің орнына денсаулығын нашарлатып алған жағдайларды азды-көпті естіп те, көріп те жүрміз. Сондықтан дәстүрлі емес медицинаны қолдану кезінде сақтық танытып, білікті дәрігерлердің кеңесін алу қажет.

Дәстүрлі емес медицина – екі қырлы құрал. Оның кейбір әдістері тиімді болуы мүмкін, бірақ ғылыми негіздемесі жоқ тәсілдер мен бақылаусыз емдеу қауіпті. Халықтың денсаулығын сақтау үшін бұл саланы құқықтық реттеу маңызды. Лицензиялау, бақылау және қауіпсіз әдістерді тіркеу арқылы дәстүрлі емес медицинаны көлеңкелі аймақтан шығару қажет.


Медициналық қызметтерді пайдалану кезінде адам әрдайым өзінің денсаулығы үшін жауапты екенін ұмытпауы керек. Сондықтан дәстүрлі емес медицина әдістеріне жүгінбес бұрын, ғылыми дәлелденген, мамандар мақұлдаған тәсілдерді таңдаған дұрыс.

Қорлан САРЫ

ЖИ АДАМ ЕҢБЕГІН АЛМАСТЫРА АЛА МА?

«Білмесен, Google-дан сұра» деген ұстаным қазіргі қоғамның ұранына айналғандай. Ақпараттық технологиялар күннен-күнге жетіліп, жасанды интеллект адамға серік болып жатқан тұста біз ойлау қабілетімізді жоғалтып бара жатқан жоқпыз ба? Ақылды құрылғылар мен алгоритмдер біздің уақытымызды үнемдегенімен, ақылымызды әлсіретіп жатқанын аңғармай қалғандаймыз...

Бүгінде есепшығару үшін калькулятор, мәтін жазу үшін тіл түзеткіш, сөйлеу үшін ChatGPT пайдаланатын деңгейге жеттік. Бұл – прогресс. Бірақ осының көлеңкесінде жалқау сана қалыптасқаны рас. Мысалы, мектеп оқушылары тапсырмасын өз бетінше орындаудың орнына, ЖИ-дан көмек сұрайды. Бір қарағанда, бұл уақытыңды үнемдеудің жолы. Бірақ біраз уақыттан кейін адамның логикалық ойлауы, талдау дағдысы мен шығармашылық қабілеті әлсірейді. Себебі ми бұлшықет секілді. Ол да жұмыс істемесе, дағдысынан айырылып қалады.



Harvard University мен MIT зерттеулеріне сүйенсек, кейінгі он жылда жадыда сақтау, сараптау және тұжырымдау дағдысы айтарлықтай төмендеген. Себебі адам ақпаратты ұзақ есте сақтауға емес, оны кез келген уақытта табуға үйреніп алған. Сонымен қатар, мамандар зерттеу нәтижесіне сүйеніп, жасанды сана алдағы 5 жылда еңбек нарығына түбегейлі тың өзгерістер әкеледі деп болжауда.

Эстония – цифрландыруда Еуропада алдыңғы қатарда. Бірақ сол елде мектептерде смартфон қолдануға шектеу қойылып,

қолмен жазу, ойлау машығын дамытуға басымдық беріле бастады. Себебі оқушылардың ойлау белсенділігі күрт төмендеген. Бұл – технологияның адам миына әсерінің нақты көрінісі. Жапония технологиясы озық ел бола тұра, мектептерінде оқушылар міндетті түрде есепті қолмен шығарып, дәптерге жазады. Олар технологияны құрал ретінде ғана көреді, ал баланың логикасын дамыту басты мақсат. Ал Фин білім беру жүйесі де технологиядан тыс «ойлау машығы», «зерттеу дағдысы», «пікірталас мәдениеті» сияқты

қабілеттерді дамытуға бағытталған. Онда оқушылардың сұрақ қоя білуі бағалау критерийінің бір бөлігі.

Адамның орташа зейін қою уақыты 2000 жылы 12 секунд болса, 2015 жылы 8 секундқа дейін қысқарған. Бұл тіпті алтын балықтың зейін қою уақытынан (9 секунд) аз. Смартфон, планшет, ноутбукты қолдану ми қабілетінің, әсіресе жұмыс жады, зейін мен стратегиялық ойлаудың баяулауына әкелетінін көрсеткен.

Ақылды құрылғы ақылды адам қалыптастырмайды. Ол – тек құрал. Саналы қоғам сол құралды пайдалану мәдениетін үйренгенде ғана жеңеді. Егер біз тек дайын дүниеге сүйенсек, еркін ойдан, креативтен, жауапкершіліктен айырылу қаупі жоғары. Демек ақылды қоғам болу үшін ең әуелі ойлануды, ізденуді, сұрақ қоюды үйренуіміз керек. Себебі ақылды сана өзіне сенетін адамның таңдауы.

Динара ЖҰМАДІЛ,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті